

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
ҚР БҒМ ҒК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, МҰРАҒАТТАР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ
ОРЫНБОР МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАРДЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК
ИНСПЕКЦИЯСЫ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х.МАРҒУЛАНА КН МОН РК
ОРЕНБУРГСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
АКТЮБИНСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
им. К.ЖУБАНОВА
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ГОСУДАРСТВЕННАЯ ИНСПЕКЦИЯ ПО ОХРАНЕ ИСТОРИКО-
КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ

«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ – 2016»

**V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

(2016 жылғы 6-7 қазан)

МАТЕРИАЛЫ

V МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«КАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2016»

(6-7 октября 2016 года)



Ақтөбе 2016

**Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында сақталған
зергерлік бұйымдар коллекциясы**

Б.С.Есіркепов

Қазақтың халықтық зергерлік өнері ұлттық мәдениет тарихынан ерекше орын алады. Бұл өнердің түрі сонау бағзы заманнан тамыр алады. Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде Қазақстанның барлық аймақтарында металл балқытып, оны көркемдеп, әшекей, тұрмыстық заттар дайындағаны дәлел бола алады. Әшекей бұйымдарға түрлі бағалы тастарды қолданғаны да белгілі.

Зергерлердің соғатын заттарының түрлері өте көп болған. Оған әйелдердің әшекейлері, киім-кешекке тағатын түрлі сәндік бұйымдары, ас-су жабықтары, киіз үйдің ағаш сүйегіндегі ою-өрнек, жиназдық заттар, ағаш ыдыс-аяқ, тері торсық, музыкалық аспаптар, қару-жарақтар, ат-тұрман әбзелдері және тағы басқалар жатады. Бұларды әсемдеу үшін көбіне алтынды, әсіресе, күмісті көбірек қолданған. Зергерлер әсіресе, әйелдердің әшекейлі сәндік бұйымдарын күмістен асқан шеберлікпен, зор талғаммен жасай білген. Олар: сырға, білезік, сақина, жүзік, шолпы, шашбау, ілгек, қапсырма (қаптырма), алқа, өңіржнек, түйме, шеттік, т.б.

Қазақ халқы ежелден күмістің адамға игі әсер ететін айрықша қасиеті бар деп білген. Сақина мен жүзіктің де киелігі мен қасиеттілігіне сену тұрғы Шығысқа кең тараған түсінік. Қазақ арасында «Тамақ адал болу үшін, қолда жүзік болу керек» деген мәтел сақталған. Әйелдердің жасы ұлғайған сайын әшекейдің түр-сипаты да өте қарапайымданады. (Тоқтабаева, 1985, 26 б.)

Музей қорында жиналған дәстүрлі өнер коллекцияларының ішінде қайталанбас туындылардың бірі – зергерлік бұйымдар. Ақтөбе өңірінде зергерлік өнердің жасалу тәсілі өріктелуі және пішіні жағынан өзіндік кәсіптік мінездемесі, стильдік жүйесімен дараланған. Музей қорындағы зергерлік әшекей бұйымдардың, әсіресе таза күмістен жасалғандарының көп шоғыры топтасқан. Олардың ішінде өңіржнектердің алатын орны ерекше. ҚР Мемлекеттік Орталық музейі шығарған «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиясында «Өңіржнек – мойынға тағылып, омыраудан салбырап тұратын металл әшекей, алқа, мұндай алқа көбінесе Қазақстанның батыс өңірінде қолданылады» деп көрсеткен. (Әлімбаев, Энциклопедия, 46 б.) Қазақтың зергерлік әшекей бұйымдарын зерттеген ғалым Ш. Тоқтабаева да өзінің «Серебрянный путь казахских мастеров» деген еңбегінде Батыс Қазақстанға тән өңіржнектерге ерекше тоқталған. (Әлімбаев, Энциклопедия, 2012, 141 б.) Өңіржнек бір қатар немесе екі қатар болып төмен қарай салбырап тұратын, әрқайсысы бір-бірімен күміс шыңжар арқылы байланысатын бірнеше күміс тақталардан тұрады. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы өңіржнектер арасында XIX ғасырға жататын негізгі қордағы 10311 тіркеу нөмірлі өңіржнектің жасалуы ерекше. Үш қақпалы өңіржнектің ұзындығы 43 см. Сынамалық зерттеуде қоспасыз күміс деген анықтама беріліп, құнды метал қорында с–209 нөмірімен тіркелген. Өңіржнектің бірінші қақпасына өріктелген сопақша сақинаның бейнесі қатар түсіп, олардың арасына шығыңқы болып су жүргізу әдісімен өріктелген үшбұрышты бақан орналасқан. Екінші қақпасы да төртбұрышты жасалып, оған дөңгелеген шығыңқы диск тәрізді өріктеліп, дөңгелектің айналасына қақпаның бұрыштарына сәйкестендіріп су жүргізу әдісімен үшбұрыштар бейнеленген. Дөңгелектер өңіржнекке ерекше сәндік беріп, оның ішіне екі дөңгелекке шығыңқы етіп аяқ тастардан көз орналастырылған. Тастардың бетіне симметриялық тұрғыда ромб бейнесі металдан құйылып жасалған. Үшінші қақпасы да екінші қақпадағыдай өріктер мен тастар қолданып, аяқ тастың үстіне жасалған өрікті үшбұрышты су құю тәсілімен төрт үшбұрыштар дөңгелекпен байланыстырылған. Үшінші қақпа бесбұрышты. Төменге қараған бұрышы сүйірленіп ұшты болып келеді. Төмендеу орналасқан сүйір ұшына 3 шыңшырлы қозаның бірі байланыстырылған. Жалпы өңіржнектің үш қақпасы 6 жолақ күміс шыңшырлармен байланыстырылған. Өңіржнектің музей қорына келіп түсу құжаттарында 1985 жылы 12 қыркүйегінде Ақтөбе қаласы Түркісіб көшесі 122 үй тұрғыны Г. Бахтығалиевадан 9 дана күміске ұқсас металдан жасалған зергерлік бұйымдардың алынғаны, оның ішінде өңіржнекті 200 рубльге сатып алынғаны қабылдау актісіне жазылған. Хаттамада зергерлік бұйымдарды музей қорын толықтыру мақсатында 9 дана заттың тізімін жазып, оларды музей қорының сирек кездесетін экспонат құрамына жатқызуға болатыны қаулы етілген. Өңіржнектің зергері жазылмаған. (АҚТы, 1985, 40–41 бб.)

Тағы бір ерекше сәнді етіп зерленген өңіржнек (НҚТ–15877) таза күмістен жасалған. Әйел адамдар өңірге тағатын сәндік, ұлттық әшекей бұйым негізгі үш бөлімнен тұрады. Жоғарғы пластина төрт бұрыш болып келген бетіне сопақша етіп шығыңқы екі көзіне салынған. Үстінде кіші көлемді, асты тағуға ыңғайлы екі көзіне бар. Пластинаның беті сіркелеу өнерімен әсемделген. 2-ші пластинаға 7 қатар шұбыртпа арқылы жалғасқан 2-ші пластинаның екі бүйірі ойыс болып келген, бетінде шығыңқы етіп салынған екі үлкен төрт құсмұрын тәрізді көзішелер бар. 3-ші пластинаға 7 қатар етіп

шұбыртпа арқылы жалғасқан 3-ші пластина бес бұрыш бетінде құс мұрын тәрізді үш көзше салынған. Пластиналардың өн бойына сіркелеу өнерімен Әр түрлі формада өрнектер салынған. Шұбыртпалардың түптері түймелен ұстатылған. Өңіржіекті 2001 жылы № 98 қабылдау актісімен Нұрғалиева Шарипадан 30 мың теңгеге сатып алынған. Музей қорындағы өңіржіектер құнды металдардың ішінде өзіндік ерекшелігі бар халқымыздың құнды материалдық жәдігері. Қазақ халқының байырғы наным-сенімі бойынша өңіржіек әйел адамның құрсағы мен кеудесін бәле-жаладан, сұқ көзден сақтайды деп санаған. (Тоқтабаева, 1985, 26 б.)

Музей қорындағы өңіржіектер құнды металдардың ішінде өзіндік ерекшелігі бар халқымыздың құнды материалдық жәдігері. Жалпы музей қорында 9 дана өңіржіек, оның 5 таза күміс металдан, ал 4 аралас металдан жасалған. Өңіржіектер музей қорына аржылдары жинақталған. Тоқталған өңіржіектің екі қақпасында бейнеленген негізгі өрнектер Батыс Қазақстанда жиі кездесетін құдағи жүзік стилине ұқсас алынған. Музей қорында құдағи жүзіктердің ерекше түрлері кездеседі. Құдағи жүзік – үлкен сый-құрметтің белгісі. Жүзік екі саусакқа қатар киюге арналған қосбауырдағы бар, үсті тұтас болып келетін, ерекше көркемделетін жүзік түрі. Халық арасында құдағи жүзікті қалыңдықтың шешесі құдағиына сыйлаған. Бірқатар ғалымдардың мәліметінше, жақсы, ілгі тілектің белгісі ретінде қыз бен жігіттің шешелері бір-біріне тарту еткен. Негізінен, құдағи жүзік сыйлаудың тұрыптық мәні «балаларының жұбы жазылмасын, қос буырдақтай мәңгі қатар жүрсін» деген мағынадан туындаған. Құдағи жүзікті зергерлерге арнайы тапсырыспен жасататын болған. Оның тұтас бетіне сіркелеп өрнек түсіріп, алтынмен аптаған, кейде асыл тастармен көз орнатқан. Құдағи жүзік тарту батыс өңірінде кең тараған (Әлімбаев, Энциклопедия, 2012, 640 б.)

Музей қорына келіп түсу тарихы 1988 жылы Ақтобе қаласының тұрғыны Б.Т. Жарлығатаповадан 90 рубльге сатып алынған. Зергері белгісіз. Құдағи жүзік НҚТ–11004 тіркеу нөмірімен, сынамалық зертханада күміс араласқан металдан жасалғаны белгілі болып, құнды металдар топмасында 2С–82 нөмірі берілген. Құдағи жүзік бетінің ортасына шығынқы сопақша көздері қойылған. Ортасына орналасқан сопақшаның деңгейіне екі жағына шығынқы жапырақ тәрізді өрнектер бейнеленген. Құдағи жүзік ерекшелігіне сай екі саусакқа қатар тағылады.

Жүзіктер арасында құдағи жүзік қазақ этнографиясында шоқтығы биік материалдық жәдігер, сонымен қатар музей қорында қазақтың сәндік қолданбалы өнерінің ерекше туындылары құс мұрын жүзік, отау жүзіктерде сақталған. Отау жүзік бүршіктеу әдісімен жасалады. Жалпақ дөңгелек сақинаның үстіне бүршіктер сүйірлене ұмтылған күмбез тәрізді үшбұрыш бекітіледі. Дәстүрлі ортада мұндай жүзікті айттырылып қойған қалыңдық таққан. Бұл жүзіктің отау деп аталуының себебі де жана құрылған жас отбасының отау тігіп, үй болып кетуін ырымдаған нышандық белгіден туындаған (Әлімбаев, 2012, 481 б.)

АОТӨМ қорындағы отау жүзік 1980 жылы № 367 қабылдау актісімен тіркелген. Жүзіктің алаканы шошақталып күмбез тәріздеме жасалған. Жүзіктің бауырдағының диаметрі 3,3 см, ал қасының ұзындығы мен ені, биіктігі – 1,8 см. Оның алаканы әрқайсысы үш бұрыш болып келетін төрт бөліктің біріктірілуінен жасалғандықтан, шошақ бітімді болып келеді. Оның бауырдағы алаканының жалпақтығымен бірдей жасалынған. Алаканы сіркеленіп, әшекейленген, ал бауырдағы ортасында екі қатар және екі шеті ширатпа сымнан жолақ жүргізіліп жалған сірке бедерленген. Отау жүзіктің зергері белгісіз. Әшекей бұйымдардың қатарындағы тағы бір қазақ әйелдерінің қоғамдағы әлеуметтік орнынан мағына беретін жүзіктің түрі – құстұмсық (құс мұрын) жүзік. Құстұмсық жүзік – жүзіктің саусак ұшына қарайтын жағы құс тұмсығы секілді сүйірлене келетін түрі. Құстұмсық жүзіктің бауырдағына дәнекерленетін үстіңгі бөлігін соқпа және құйма қалыппен күмістен жасайды. Бетіне сірке жүргізіліп қас қондырылады. Бұндай жүзікті ертеректе тұрмысқа шықпаған қыздар салған. Құстұмсық жүзік – бақыттың, тәуелсіздіктің, еркіндіктің белгісі. (Әлімбаев, 2013, 152 б.)

Қыз жат жұртқа кетіп бара жатқанда, анасы қыздың қолынан жүзікті шешіп алып, қыз жасауымен бірге орамалға түйіп, сандығына салып жіберетін болған. Бұл жүзік қыз жағдайының хабаршысы ретінде кейін қайтып келуі керек. Сондықтан қыздың төркін жағынан оның қал-жағдайын білуге барған інілері осы құстұмсық жүзікті қайтып әкелсе, қыздың анасы қатты қуанып, құдағиым қызыма өз қызындай қарайды екен деп, ауыл арасына кішігірім той жасаған. Осындай ұлттық этнографияда құрметі бар құстұмсық (құс мұрын) жүзіктердің музей қорында бірнеше түрі және жасалу технологиясына байланысты ерекшеліктері бар. (Әлімбаев, 2012, 479 б.) АОТӨМ қорындағы құстұмсық жүзіктің бірін 1997 жылы № 52 қабылдау актісімен Жиланка поселкесінің тұрғыны Ержанова Рахиядан сатып алынған. Құс мұрын жүзік – таза күмістен (с–379) жасалған. Жүзіктің жаны геометриялық өрнектермен безендіріліп, үстіңгі жиегі жалған майда таналармен әсемделіп, сары түсті металл жалатылған. Жүзіктің үстіңгі бетіне қосымша құс тұмсық дәнекерленіп, көз ретінде жай түссіз шыны орнатылған. Жүзік тұмсығының біткен жеріне ілгіш дәнекерленген. Жүзіктің жаны мен жиектері майысып, шынысы сынған.

Кіші жүз ханы Айшуақтың 4-ші ұрпағы Айсұлтанова Айсұлу әжейдің музей қорына 2001 жылы сыйға берген бұйымы XIX ғасырға жататын көне тарихи мұра формасы – элипе тәрізді жүзік. Шетін айналдыра екі қатар сірке төккен сыздықпен көмкерген. Ортасы жүзік формасындай болып келіп дөңестенген, айналасы лента тәрізденіп және бұрыштанып сіркелеу өнері түсіп безендірілген. Ортасына қызыл түс берілген айнек салынып, үш қатарға бөлініп сіркелеу, түйіршіктеу өнері мен үшбұрыш және ромбик тәрізді болып келген өрнек бедер салынған. Жүзіктің бауыры қисайған бір жақ шеті сынған, бетіндегі шөлмек жарылып сынған. Жүзіктің диаметрі – 4,8 × 6 см шамасында.

Қазақ халқында қыз баланы ұзату жолы барынша сән салтанатымен ерекшеленеді. Әсемдік эстетикасына зергердің қолынан шыққан көркем туындылардың бейнесі халқымыздың салт-дәстүрімен сабақтасып жатқаны сөзсіз. Музейдің зергерлік бұйымдары қатарында құнды металдар топтамасының ішінде ерекше де, бірегейі болып табылатыны жырға. Жырға – әйелдердің қымбат бас киімдеріне, соның ішінде, әсіресе, сәукелеге тағылатын, ұзын шынжырға бекітілген шұбыртпалы сәнді салыншақ немесе әртүрлі асыл тастардан жасалған моншақтардың атауы. Баскиімнің көрегесіне тағуға лайықтай күмістен тоқылған ұзын шынжырдың жоғары қатарына бірнеше жерден түйреуіш тағылады. Шынжырдан төмен қарай көптеген салыншақтар ілініп бекітіледі. Кейбір үлгілерінде екі қатар тізбектелген салыншақтар арасына үш-төрт жерден көз салынған табақшалар орналастырылады. Жырға әдетте, көп салыншақтан құралып, әр түсті асыл тастардың жарқырауық сәулесімен құбылып, адамның бет-бейнесін ажарландырып, бет моншақ, шұбыртпа, жақ, алқа тәрізді тізіліп, бас киімнің етегін шашақтап тұрады. Малынып сәнденуді білдіретін «ыргалып-жыргалып» дейтін өз осындай әшекейдің ерекшелігіне байланысты қалыптасса керек, сондай-ақ, сәукеленің шұбыртпасын, сырғаның салыншағын, ілгектің (капшырма) төгілмелі моншақ әшекейлерін де жырға деп атау кездеседі (Әлімбаев, 2012, 562 б.)

Ақтобе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған XX ғасырда жасалған (НҚТ–15074) (С–388) жырға – ұзынша жалынбауыр шынжырға бес жерден түйреуіш өткізіліп жасалған. Ұзын шынжырға 33 тізбек бекітіліп, 8 тізбекке екі-екіден бұрама, 2 төртбұрышты, 1 дөңгелек көз (ақық) салынған табақшасы бар шынжырлы қозалар ілінген. Әр табақшаның шетін айналдыра ширатылған сыммен жиектен, ортасына бесжұлдыз, х ішінінде көз тастып, айналасын сіркеліп өрнек салынған.

Қазақ халқында зергерлік әшекей бұйымдарының ішінде көп қолданылатыны – білезік болған. Білезік – әйелдерге арналған әшекейдің ең көп кездесетін әрі күнделікті қолданылатын түрі. Оны қыз-келіншектер де, орта жастағы әйелдер мен үлкендер де білегіне салады. Тіпті қыз бала 3–4 жасқа келгеннен-ақ, ата-анасы бойын түзеіп сән-салтанатта өссін деп бала білезіктер соқтыртқан. Білезіктердің үлкен-кішілігі, ауыр-жеңілдігі, жасалу материалы, түрі әркімнің өз қалыуынша болады. Білек және жүзік сөздерінің кірігуінен туған сөз. (Әлімбаев, Энциклопедия, 2011, 582 б.) Тарихи-этнографиялық деректерге сүйенсек білезікті байырғы кезде аяққа да таққан. Бұл әдет-тұрып бойынша баласы тұрмай жүрген ата-аналар жас баланың қолы мен қоса аяғына да «Темірдей мықты болсын» деген оң тілекпен білезік салған. (Әлімбаев, Энциклопедия, 2011, 584 б.)

Өңірімізге тән білезіктердің қақпақты, құйма, қақтама, селдір, жұмыр, шұбыртпалы білезік сияқты түрлері кеңінен тараған. Төменде АОТӨМ қорында сақталған білезіктердің бірнеше түріне сыпаттама беріліп отыр. АОТӨМ қорында сақтаулы топсалы білезік (НҚТ–10811) өте шебер орындалған. Топсалы білезік ортасынан екіге қайырылып ашылатын, екі басы төпса арқылы түйісіп жабылатын білезік. Білезік екі ілмек, төк арқылы жалғасқан және топсасы мен білезікке кигізілетін ілмек білезік бауырына нәзік тоқылған шынжырлар арқылы жалғасқан. Білезік 1987 жылы Ш. Мукашеваның тапсыруымен музей қорына түскен.

АОТӨМ қорында XX ғасырға жататын таза күмістен (с–200) жасалған шілтер білезіктің (НҚТ–10333) 2 данасы сақталған. Білезіктің бетіне түсірілген өрнектерін саңылаулар қалдыру арқылы жасаған. Екі білезік те бірдей үлгіден алынған. Музей қорына Ж. Қажымұқанова тапсырған. Сонымен бірге көзді білезіктердің бірнеше түрі сақталған. АОТӨМ қорында сақталған көзді білезіктің (НҚТ–677) бірі – таза күміс металл қабатынан іші қуысталып жасалған арасына ақ балшық толтырылған әйелдердің әшекей бұйымы, үстінгі беті сары түсті металлмен буланып, ақық (сердолик) тастан төрт көз орнатылып, олардың айналасына түйіршікті металлмен қақталып нақышталған. Білезіктің астыңғы, үстінгі жағына өрнекті сыммен дәнекерленген. Білезік музей қорына 1956 жылы түскен, сынамалық нөмірі с–136. Өлшемі: 4,2 × 6 см. Жалпы АОТӨМ қорындағы білезіктер коллекциясының аса көркем шеберлікпен орындалуымен қатар оның қазақ колонерінің ұлттық бейнесін айқындауда ғылыми маңыздылығы зор.

Қазақ қыздарының төгілген бұрымына күмістен шаш теңге, шолпы тағатын болған. Келе-келе кілт немесе теңгемен алмастырыла салатын шолпы да, әйелдердің үнемі тағып жүретін әшекейі саналады. Халық арасында «Адам жанының бір ұшығы шаш арасын мекендейді» деген наным

сақталып келгендіктен қоңыраулы, сылдырмақты шолпыны шапша бәле-жаланы маңайлатпайды деп ырымдап таққан. Шолпы көбінесе қақталған күмістен, екі үзбелі шыңжырдан жасалады. Ол үшбұрыш, сопақша пішінді болып келеді. Шыңжырлана күміс тыйындар, тұмарша, коза, қоңырау, т.б. заттар тағылады. Шолпының жасалу материалына қарай: көзді шолпы, сылдырмақ шолпы, козала шолпы, қоңыраулы шолпы, шыңжырлы шолпы, қос үзбелі шолпы, маржанды шолпы, меруертті шолпы, ақықты шолпы т.с.с. түрлері мен атаулары кездеседі (Әлімбаев, 2012, 713 б.) Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің құнды металл қорында ерекше шолпы 1969 жылдың қабылдау актісімен НКТ-51 нөмірімен негізгі қорға тіркелген. Қабылдау актісі бойынша белгілі болғандай ХХ ғасырға жататын шолпы Р. Таужоқбаевадан сатып алынған. Өлшемі 3,5 x 8,5 см, шолпы құнды металдар топтамасында с-91 нөмірімен тіркелген. Бұл шолпының таза күміс металынан жасалғанын білдіреді. Шолпы тұмарша секілді үшбұрышты басты бөлігімен үш қатарлы әсем тізбектелген шыңжырлы тізіммен ұзынша өңіртал жалғасып, одан төмен төрт шыңжырмен төменге қарай төрт тыйн бекітілген.

Қазақ қыздарының шашына тағатын шашбаулардың бірнеше түрлері, ХХ ғасырға жататын күмістен жасалған бой күтіну жарақтары (тіс шұқу, құлақшұқу бұйымдары), тұмаршалар, қапсырмалардың түрлері және музей қорында құнды жәдігерлердің қатарынан табылатын таза күміс түймелер мен ат әбзелдері де кездеседі.

Музей қорында бірнеше дана ХІХ ғасырға жататын түйме сақталған. Түйме – ішінде сылдырмағы бар, үлкендігі баланың жұдырығындай, домалақ, сопақша пішінде жасалған, қазақ елінің батыс өңірі мен Түркістан қазақтары тұрмысында қолданылған күміс әшекей. Мұндай әшекейді ертеректе кемпірлер сән үшін таққан. Үлкен болған соң қаусыруға қолданбаған, тек сәндік мақсатпен киімнің омырауына тағылған. (Әлімбаев, 2012, 537 б.)

АОТӨМ қорында сақталған НКТ-9673 тіркеу нөміріндегі түйме шар пішінді және бір басында пирамида тәрізді әшекей бөлшегі, екінші басында тойнақты «мойны» бар. Пирамида секілді әшекей бөлшегі бүршіктеу әдісімен жасалған. Шардың бетіне сіркеленген тарақ өрнегі бейнеленген. Ортасынан күміспен белдеуленіп, тігінен төрт жерінен белдеуше жүргізілген. Түймені Т. Сарбалдина музей қорына тапсырған.

Қазақ халқында дәстүрлі киім-кешектің қосалқы бұйымының бірі, тұтынушы несінің әлеуметтік дәрежесі туралы ақпарат беретін үлкен семантикалық та мәнді зат болып табылатын белдіктер мен белбеулердің мол коллекциясы Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында сақтаулы.

Байырғы ортада белдік белбеу деп те аталады. Алпыда белбеуді әйел адамдар мен бойжеткендер, жас балалар тағыған. Белбеу киімнің сыртқы бел тұсынан буынатын, былғарыдан, қайыстан жасалатын, матадан тігілетін киімнің әшекейлі бөлігі. Бұл киімнің қосалқы бөлігі сәндік-әшекей бұйым тобына жататын болғандықтан зергерлік әшекейлер коллекциясы қатарына қосып қарастырып отырымыз.

Жасалу ерекшелігіне, сәнділігіне қарай бірнеше атаулы түрлерге бөлінеді: берен белбеу, бота белбеу, зер белбеу, алтын белбеу, деңгемт белбеу, шок белбеу, сарала белбеу тағы да басқалары болып. Белдіктің өн бойына, бетіне ою-өрнек жүргізілген, күмістелген, алтындалған, қарала ою жүргізілген, құймалар, әртүрлі салтанаттар орнатылған, түрлі тастар, түрлі-түсті шынылар орнатылған, бірнеше күміс бөліктердің өзара ілмек, шыңжыр арқылы жалғастырылған түрлері кездеседі. Кейде күмістің өзінен өрмелеп, тоқыл, шыңжырлап та белдік жасайтын болған. (Әлімбаев, Энциклопедия, 2011, 475 б.)

Қоспа араласқан күмістен (2с-51) өрмелеп тоқылған ерекше белдіктің (НКТ-7) бірі Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақтаулы тұр. Белдіктің ұзындығы – 63см, ені – 3 см шамасында. Белдік ұзынша келген сәтен матасына формасы тұтастай құсқанаты тәрізді етіп, 102 дана бөлек-бөлек жасалған бөлшектерді артына қарай қапсыру арқылы тоқылған. Кішкене күміс бөлшектері бүршіктелген. Музей қорына 1951 жылы тапсырылған.

Шамамен ХУІІІ-ХІХ ғасырларға жататын тағы бір белдіктің (НКТ-16864) жасалу тәсілі мүлдем бөлек. Белбеу – құнды металл мата бетіне тігілген. Белбеу өткізбелерінің шеті айнала өрнекті прекартерге тас қондыра декорланып беті дөңестеу дөңгелек пішінді, өткізбе бетіне төрт шеңбер жүргізіліп, өн бойына қос түсті эмальды үшбұрыш тастармен әшекейленіп, өткізбенің дәл ортасына тас орнатуға арналған шұңқыршалары бар. Екі шеті қос ырақты, ілмешекті, декорланған. Құс мұрын сияқты қапсырмамен аяқталады. Астары және ішкі қабаты жасыл түсті болған. Бұл белдіктің ерекшелігі, музей қорында сақталған шамамен ХІХ-ХХ ғасырларға жататын он шақты белбеулер түріне ұқсамайтындығы, оның 8 өткізбелері табиғи асыл тастарды қолданып безендірілген, белбеу хас шебердің қолынан, дәулетті адамның әдейі сұранысымен дайындалғанға ұқсайды. Белдіктің несі туралы Егемен Қазақстан газетінің 15 ақпан 2015 жылғы шығарылымында шыққан мақалада

төмендегідей көрсетілген. «Бибізада Қамбарқызы шеше жағынан Арынғазының інісі Мәмбет Сұлтаннан шөбересі. Мәмбет сұлтан Арынғазының тұсында Ақтөбе маңындағы Қаратоғай ауылында болыстық қызмет атқарған. Ол халықтың есінде жақсы істерімен, жоқ-жуқаның жағдайын түсініп, қамқор болған, дау-дамайды әділ шешкен адам ретінде қалған. 1820 жылы хиуалықтар Арынғазының ауылын шауып, оның елу шақты жақын-жуықтарын қамауға алған, соның ішінде Мәмбет төре де кеткен болуы мүмкін, себебі ол туралы бізге белгілі мәлімет осымен үйледі.

Ал Әбілқайыр ханның ұлы Айшуақ ханнан тараған Баймағамбет сұлтаннан баласы Мәмбет төре Қобда ауданының бұрынғы атауы «15 жылдық Қазақстан» совхозының Қос-көлінде уездік басқарманың бастағы болған. Ол да «Мәмбет провинция» атанған. Сондықтан күні кешеге дейін халық арасында Мәмбеттің көк үйі, төре ауылы деп атап келгені» дей келе «екі Мәмбет те Бибізада Қамбарқызына жақын туыс болып келеді. Бұл белдіктің бергі иелері 1937 жылдың құрбаны болған Қамбар Ерғожаұлы Қаратаев – Медетовтің отбасы болса, арғысы елден ажыратып, өмірінің соңына дейін патша тұтқыны болып, Ресейдің Калуга маңында сүйегі қалған Арынғазы ханның інісі Мәмбеттің мүлкі болуы әбден мүмкін. Әрине, бұл алғашқы пайым. Бұл баға жетпес жәдігердің тарихы алдағы уақытта одан әрі тереңдетіліп зерттелетіні анық» деп тоқталған («Егемен Қазақстан» газеті, 2012 ж.)

АОТӨМ қорында сақтаулы келесі белдіктің түрі – әйел адамдарға арналып жасалған белдік. (НҚТ-1) Барқыт матасына күміс шекімелер арқылы орнектеліп әшекейленген. Оймалау, шекіме, қарала жүргізу, сіркелеу тәсілдері қолданған. Белдікке 8 дана күміс өткізбелері қадаланған. Қапсырмасындағы орнектер ерекше сәнді етіп, бір-бірінің үстіне қастар салу арқылы жасалған, оның бетіне белдік матасының түсімен үйлесім тапқан қызыл түсті шыны көз салынған. Белдіктің ұзындығы – 88 см, ені – 7см. 1980 жылы музей қорындағы экспонаттарды қайта түгендеу, ақтілеу кезінде, № 1 экспонат болып қайта тіркелген. Кімнен алынғандығы, шебері, қай жылы түскендігі белгісіз.

Зергерлік өнердің ішіналы сәндік бұйымдардың ерекше көзге түсетіні – бойтұмар. Тіл-көзден, бәле-жалдан қорғайтын дұға жазылған қағазды сактайтын құты, қалтаны – бойтұмар дейміз. Шошып оянатын, ұйқысұрайтын адамдардың киімінің көзге шалына бермейтін тұсына тігіп қояды немесе мойнына баумен тағады. Бойтұмарды зергерлер мен кестешілер түсті маталардан немесе терідерден, үшбұрышты немесе кышқылдан, ішіне дұғалар мен Құран аяттары жазылған қағазды салып қоярдай қуыс қалдырып, әдемі орнектермен нақыштып жасайтын болған. Сырттан орнектеп, дажылап, сіркелеп, жыл тастардан көз салып әшекейлеген (Әлімбаев, Энциклопедия, 2011, 517 б.)

Бойтұмарға дұға қағазын салу ерте кездегі халықтың дінге деген нанымнан туған. Тұмар адамды пәле-жалдан, тіл-көзден сактайды деп білген. Сондықтан, тұмаршалардың осындай қасиетіне табынған жұрт оны күмістен жасатып, сыртына неше түрлі зер жүргізіп, алтынмен булатқан (Арғынбаев, 1987, 64 б.)

АОТӨМ қорында сакталған бойтұмар (НҚТ-43) 1952 жылы А. Мұхамедияровадан алынған. Бойтұмар алқаның ортасында цилиндр пішінді тұмар, дұға жазылған қағаз салатын ашылып-жабылатын қақпақты түтікшесі бар. Оның екі бүйірі гүл тәрізді сүйірленген.Цилиндрлі бөлігінің жоғары тұсында үшбұрышты қақпағы бар. Қақпағының ұшында мойынға тағылатын шынжырды өткізетін ойық салынған. Үшбұрышты қақпағы мен цилиндр бөлігі бір-бірімен екі шынжыр арқылы жалғасқан. Екеуінің ортасына шынжырлар арқылы жүргізілген екі жалырақ тәрізді салпыншақ және екі құлақ, тіс тазалауға арналған үшкір метал орналасқан, біреуінің тісі (ұшы) сынған. Және цилиндрлі бөліктен төмен қарай салбырап тұратын 6 дана қауызы ашылмаған гүл тәрізді салпыншақтар шынжырмен жалғасқан. Тұмаршаның бетіне түскен геометриялық орнектер сіркелеу әдісімен, шынжырлары өру арқылы салпыншақтың басына салынған күмбез тәрізді кішкене бөлігі бүршіктеу арқылы зерленген. Бойтұмар таза күмістен жасалған (с-100), зергері белгісіз.

АОТӨМ қорындағы жасалуы алдыңғыға қарағанда өзгеше бойтұмар да бар. Бойтұмар сынамалық бақылаудан өтпеген. Бойтұмар – ақ түсті металдан жасалған. Құран аяттары салынатын цилиндрлі бөлігі 8 буыннан тұрады. 7 жолақ өрнегі бар. Тұмардың астында 6 шұбыртпа салпыншақ бар. (4-уінде қоңырау, 2-уінде ромб әшекей тағылған) сырты сіркелеу әдісімен орнектелген.

Қазақ халқында әйел адамдардың құлаққа салатын сырғаларының бірнеше түрін музей қорынан кездестіруге болады, қозалы сырға, қоңырау сырға, бұрама сырға тағы да басқалары. Қазақ халқында сырғаны бөйжеткен қыздар, жас келіншектер тағатын болған. Ал, жасы келген әйелдердің сырғалары болғанымен, оны құлақтарына тақпаған. Өйткені революцияға дейінгі қазақ әйелдері жаулық тартып, кимешек киген. Кимешек құлақты жасырап тұратындықтан, сырға тағудың қажеті де болмаған. (Арғынбаев, 1987, 64 б.) АОТӨМ қорында НҚТ-10964 нөмірімен тіркелген сырғаға ерекше тоқталып кетсек. Салпыншақ сырға негізгі бөлімі тұмарша іспетті жасалып ұшына ілгіш дәнекерленген. Және үшбұрышты тұмаршаның ұшар басына жасыл аяқ тасты көз салынған. Ал ортасына сопақша келген

ұяға қазыл аяқ тастан көз орнатқан. Тұмарша пластикасының астыңғы тегіс бөлігіне және төрт ілгіш орнатып, оған 4 шығарынақтар арқылы шығарынақ салпыншақтар орнатылған. Салпыншақтарының басы қазақтың қозыжауырын жебесінің ұшы тәрізді жасалып, басына жалған бүршіктер түсіріліген. Музей қорына А. Боранбаева тапсырған. Күміс сырға металл қосындысы арқылы жасалған (2с–91).

Музей қорындағы зергерлік әшекей бұйымдардың бірі және бірегейі қоза. Қоза дегеніміз – іші қуыс, күмбезше тәрізді әшекей бұйым. Қозаны бас киімге, сырт киімге, зергерлік әшекей бұйымдарға тағуға арналған. Қоза шар бітімі болып келеді. Қозаны көбінесе зергерлік әшекейлерге салпыншақ ретінде тағады. (Әлімбаев, Энциклопедия, 2012, 529 б.)

АОТӨМ қорындағы қоза түрі сәукеленің әшекей бөлшегі металл қоспасы бар күмістен (2с–119) жасалған күмбез тәрізді. Күмбездің үстіне сегіз ширатпа жолақ түскен. Өр ширатпа жолақтардың тұсына ілмектер дәнекерленген. Ілмектерден түсіп тұратын салпыншақтары сақталмаған. Ширатпалардың арасына сары түспен мүйіз оюлар сызып салынған. Қоза күмбездің ұшарбасына үкі тағылған. № 52 қабылдау актісімен тіркеліп негізгі қорға НҚТ–14867 нөмірімен тіркелген. Жылжыма поселкасының тұрғыны Ержанова Рахиядан сатып алынған.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында тағы бір қозаның түрі қозалы шекелік. Бұл шекелік өте бағалы шекеліктердің қатарына жатады. Шекелік деп – екі самай тұсынан шашка, кейде бас киімге тағылатын күміс әшекейді айтады. Шекелік те сырғаның бір түрі болып саналады. Батыс Қазақстанның Маңғыстау облысында шекеліктердің түрі жиі ұшырасады. Бұл әшекейдің сырғадан айырмашылығы: оның құлаққа емес, самай шашка не бас киімге екі шеке тұсынан тағылатындығы. Сондықтан да ол самайсырға деп те аталады. (Әлімбаев, Энциклопедия, 2014, 693 б.)

АОТӨМ қорындағы XIX ғасырға жататын қозалы шекелік (НҚТ–15832) салпыншақты шекеліктердің қатарына жатады. Қозалы шекелік бірнеше бөліктен тұрады. Сіркелеу өнері салынған күмбез негізге шұбыртпа арқылы алты салпыншақтар ромбик пішінді, үстінде үлкенді-кішілі төрт сызық өрнек салынған. Самайға тағатын бөлігі мен күмбез бөлігінің арасы шұбыртпа арқылы жалғасқан. Шекелік Қызылорда облысы Арал қаласының тұрғыны зергер Құлмамбетов Құдайбергеннен сатып алынған.

Сонымен бірге АОТӨМ қорында сақталған бұрама шекеліктер (НҚТ–749) таза күмістен (с–162) жасалған. Күміс сымды бұрау арқылы жүрекше пішінді етіп жасалған. Таяқшасымен қосылған жеріне ромб тәрізді ұяшыққа жапырақша бейнесінде өрнектер бедерленген. Шекеліктердің шебері Қали. Шекеліктерді Жарлы селосының тұрғыны Б. Наурызбаевадан 1981 жылы сатып алынған.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында қазақтың зергерлік құнды бұйымдары сақтаулы. Сырғалардың түрлері, шекеліктердің түрі, өңіржиек, алқа, шолпы, шашбау, тұмар, белдіктер, білезіктер, сақина-жүзіктер, түймелердің түрлерінің мол қоры сақталған. Сақталған бұйымдардың тапсырған, тұтынған иелері мен бұйымдардың қай зергердің қолынан шыққаны, қай кезеңдерге жататыны мүлдем белгісіз десек те болады. Ең құнды деген құнды металдан жасалған зергерлік бұйымдардың қай шебердің қолтанбасы екенін анықтау-зерттеу жұмыстары мүлдем жүргізілмегендігі аңғарылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Тоқтабаева Ш.Ж. Казахские ювелирные украшения (альбом). – Алматы, 1985.
- 2.Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Т 5. / Н. Әлімбаевтің жалпы редакциясымен. Энциклопедия. – Алматы, 2014.
- 3.Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Т 3. / Н. Әлімбаевтің жалпы редакциясымен. Энциклопедия. – Алматы, 2012.
- 4.АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1985 год.
- 5.Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Т 2. / Н. Әлімбаевтің жалпы редакциясымен. – Алматы, 2012.
- 6.Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Т 4. // Н. Әлімбаевтің жалпы редакциясымен. – Алматы, 2013.
- 7.Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Т 1. / Н. Әлімбаевтің жалпы редакциясымен. Энциклопедия. – Алматы, 2011.
- 8.«Егемен Қазақстан» газеті. Көнеден жеткен тәбарік. 15 ақпан 2012 жыл.
- 9.Аргынбаев Х.А. Қазақ халқының көлеңері. – Алматы, 1987.